0306 ХФТ.

Жүз он тоғызыншы тарау — Иса бақта

Армысыз, ардақты ағайын, қымбатты тыңдарман! «Үміт ұшқыны» бағдарламасының кезекті санына қош келдіңіздер. Студияда сіздермен бірге — жүргізуші мен Сабыр. Сіздермен эфир арқылы қайта қауышып отырғаныма қуаныштымын. Біз Киелі Жазбаның Жаңа Өсиетіндегі алғашқы кітап — Матай жазған Ізгі хабармен танысып келеміз. Бүгін біз «Иса бақта» деген тақырыпты қарастырамыз.

Өмірімізге сынақ келгенде, ол көбіне жанымызды ауыртып, жүрегімізді мұңға батырады. Сондай сәттерде: «Осының бәріне қалай шыдаймын? Бұл қиындықты қалай көтеремін?» — деп толғанамыз. Кейде басымызға түскен ауыртпалық төзіміміздің асып кеткендей көрінеді.

Осындай күйді бастан өткергенде, өзге адамдардың да өз қиындығы, өз уайымы бар екенін ұмытпағанымыз жөн. Дегенмен, қымбатты досым, бір нәрсені айтқым келеді: ешбір адам Исаның мойнына түскен ауыртпалықтай ауыр жүкті көтерген емес. Оның жан азабының тереңдігін біз толық түсініп, толық бағалай алмаймыз.

Ендеше, қазір ойша Гетсимани бағына бет алайық. Иса сол жерде Құдайға сиынып, мінажат етіп жатыр. Осы қасиетті сәтке іштей тыныштalып, құрметпен назар аударайық. Оның айтқан сөздеріне құлақ түрейік. Айқышқа бет алған Иеміздің жүрегіне қандай салмақ түскенін аңғаруға тырысайық.

Матай жазған Ізгі хабардың 26-тарауының 36–46-аяттарында Исаның Гетсимани бағындағы осы сәті баяндалады:

Осылай Иса олармен бірге бақшасы бар Гетсимани деген жерге жетті. Сонда Ол шәкірттеріне: «Мен ана жерге барып, сиынып мінажат еткенше, осында отыра тұрыңдар», — деп тапсырды. Ол Петірді және Зебедейдің екі ұлын Өзімен бірге ала кетіп, қайғырып қинала бастады. Осы үш шәкіртіне Иса: «Жаным өлердей қайғырып тұр. Осында қалып, Менімен бірге ұйықтамай, сергек болыңдар!» — деді.

Иса сол жерден әрірек барып, етпетінен жығылып былай деп мінажат етті: «О, Әкем, мүмкін болса, (қаһарыңа толы) осы «тостағанды» Маған жолата көрме. Алайда Менің емес, Сенің еркіңе сай болсын!»

Иса қайтып келгенде шәкірттерінің ұйықтап жатқанын көрді. Петірге: «Сонда ең болмағанда бір сағат Менімен бірге ұйықтамай отыра алмағаның ба? Азғырылмау үшін сергек болып, сиынып мінажат етіңдер! Рух дайын болғанмен, тән осал», — деді.

Иса екінші рет тағы да шеткері барып, сиынып: «О, Әкем, егер (қаһарыңа толы) бұл «тостаған» Маған соқпай өте алмаса, онда Сенің еркің орындалсын!»

— деп мінажат етті. Иса оралып келгенде, шәкірттерінің қайтадан ұйықтап жатқанын көрді. Себебі көздерін ұйқы басқан еді.

Иса оларды қалдырып, тағы да барып, үшінші рет дәл сол сөздерін айтып сиынды. Содан кейін шәкірттеріне қайта оралып, былай деді: «Әлі де ұйықтап, тынығып жатырсыңдар ма? Енді уақыт болды: Құдай тағайындаған Билеуші күнәкарлардың қолына ұстап беріледі. Міне, Мені ұстап беруші таяп қалды. Тұрыңдар, соған қарай жүрейік!»

Бақтағы осы оқиғадан үш түрлі ұстанымды көреміз: күту, сергек болу және Әкенің еркін орындауға дайын болу. Осыларға назар аудара отырып, өз жүрегімізді де тексеріп көрейік.

КҮТУГЕ ТАПСЫРМА АЛҒАНДАР

Бақтағы ең үлкен топ — күтуге тапсырма алған шәкірттер еді. Иса оларға Өзі басқа жерге барып мінажат еткенше, сол орында отыра тұруды айтты. Бұл топта сегіз шәкірт болды. Яһуда олардан кетіп қалған еді. Ал Иса үш шәкіртін Өзімен бірге ертіп әкетті. Осылайша қалған сегіз шәкіртке сол жерде отырып, күту тапсырылды. Бәлкім, сол сәтте олардың қолынан келетіні осы ғана болған шығар. Сырттай қарағанда, отырып күту қиын жұмыс емес сияқты. Алайда кейде ешқайда асықпай, орныңнан қозғалмай отырудың өзі оңайға соқпайды. Күту көп күшті қажет етпегенімен, төзімді талап етеді. Уақыт созылған сайын көңіліміз алаңдап, шыдамсыздана бастаймыз. Осы сегіз шәкірт күтуге тиіс еді. Біз олардың бұл тапсырманы қаншалықты жақсы орындағанын білмейміз. Киелі Жазбаның осы үзіндісінде ол туралы егжей-тегжейлі айтылмайды. Білетініміз — Иса оларға Өзі мінажат етіп келгенше сол жерде отыра тұруды тапсырды.

Қымбатты тыңдарман, біз де кейде осындай жағдайда қалмаймыз ба? Бір нәрсені өзгерткіміз келеді, әрекет еткіміз келеді, бірақ дәл сол сәтте қолымыздан келетіні — күту ғана. Мұндайда сабыр сақтау, Иеміздің айтқанына құлақ асу және Оның уақытын күту қажет болады. Бақтағы алғашқы топ осындай еді. Оларға берілген тапсырма қарапайым болатын: сол жерде қалып, күту.

СЕРГЕК БОЛУҒА ШАҚЫРЫЛҒАНДАР

Екінші топ — Иса Өзімен бірге ертіп әкеткен үш шәкірт: Петір және Зебедейдің екі ұлы еді. Оларға берілген тапсырма жай ғана күтумен шектелмеді. Иса олардың Өзінің жанында қалып, бірге сергек болғанын қалады. Иеміз оларға жанын басқан қайғысын ашық айтты. Өлердей қиналып тұрғанын білдіріп, қасында болуларын сұрады. Осы ауыр сәтте үш шәкірт Оның жанында ұйықтамай, сергек отыруға тиіс еді. Алайда олар ұйықтап қалды. Иса мінажаттан қайтып келіп, шәкірттерінің ұйықтап жатқанын көргенде, Петірден ең болмағанда бір сағат Өзімен бірге ұйықтамай отыра алмағанын сұрады. Осыдан сәл бұрын ғана Петір Иемізден ешқашан танбайтынын батыл айтқан еді. Тіпті

Одан бас тартқанша, Онымен бірге өлуге дайын екенін білдірген болатын. Ал енді бақта оған берілген тапсырма — Иеміздің жанында сергек болу еді. Бірақ Петір осыны да орындай алмай, ұйқыға кетті.

Бұл көрініс бізге адамның шынайы ниеті мен әлсіздігінің бір-біріне қаншалықты жақын тұратынын көрсетеді. Петір Иемізді жақсы көрді. Оның жанында қалғысы келді. Бірақ сол сәтте тәнінің әлсіздігіне бой алдырды. Сонда Иса шәкірттеріне азғырылмау үшін сергек болып, сиынып мінажат етуді тапсырды. Рух дайын болғанымен, тәннің осал екенін ескертті. Бұл сөздер бізге де қатысты. Жүрегімізде дұрыс ниет болуы мүмкін. Иемізге қызмет еткіміз, Оның айтқанын орындағымыз келуі мүмкін. Алайда сергек болып, мінажат етпесек, әлсіздігімізді дер кезінде аңғармай қаламыз. Азғыру күтпеген тұстан келіп, дайындығымыз жоқ кезде бізді сүріндіруі мүмкін. Иса қайтадан мінажат етуге кетті. Ал қайтып келгенде, шәкірттерінің тағы да ұйықтап жатқанын көрді. Олардың көздерін ұйқы басқан еді. Осылайша сергек болуға берілген уақыт өтіп жатты. Ақырында Иса оларға уақыттың келгенін, Өзін ұстап берушінің таяп қалғанын айтты. Енді тұрып, соған қарай жүру керек еді. Өкінішке қарай, үш шәкірт өздеріне тапсырылған міндетті орындай алмады. Олар сергек болып, мінажат етуге шақырылды, бірақ ұйықтап қалды. Бақтағы екінші топтың жағдайы осындай болды.

ӘКЕНІҢ ЕРКІН ОРЫНДАУҒА ДАЙЫН БОЛҒАН ИСА

Ал үшінші ұстанымды Иса жалғыз Өзі көрсетті. Ол — адамзат үшін Өз өмірін құрбан етуге бет алған Құтқарушы. Алдындағы ауыр жолды жүріп өту үшін Ол Әкесіне сиынып, мінажат етті. Киелі Рух бізге Оның жүрек түбінен шыққан жалбарынуын Киелі Жазба арқылы жеткізді. Иса мүмкін болса, сол «тостағанның» Өзіне жоламауын сұрады. Бірақ Өз тілегінен жоғары Әкесінің еркін қойды.

Бұл «тостаған» — Оның алдындағы азаптың, айқыштағы өлімнің тостағаны еді. Иса қандай қасіретке бет алғанын білді. Сондықтан Оның мінажаты жай айтылған сөз емес, жанын терең қайғы басқан сәттегі шынайы жалбарыну болды. Ол ауырсынуын жасырмады. Қайғысын жоққа шығармады. Жүрегіндегі тілегін Әкесіне ашық жеткізді. Соған қарамастан, бәрін Әкесінің еркіне тапсырды. Осы мінажаттан біз мойынсұнудың терең мағынасын көреміз. Иса үшін Әкесінің еркін орындау бәрінен жоғары тұрды. Құтқарылу жолы осы азаптан өтуді талап етсе, Ол сол жолдан бас тартпауға дайын болды.

Екінші рет мінажат еткенде де, Иса сол тілегін басқа сөздермен білдірді. Егер бұл «тостаған» Өзіне соқпай өте алмаса, Әкесінің еркі орындалуын сұрады. Ол Өз қалауын Әкесінің еркіне бағындырды. Оның мінажатының мәні мынаған саяды: Әкесі нені қаласа, Ол соны орындауға дайын. Киелі Жазбада Исаның үшінші рет

те барып, дәл сол сөздерін айтып сиынғаны жазылған. Ол қайта-қайта Әкесіне бет бұрды. Қайғысы терең болса да, мойынсұнудан тайған жоқ.

Бір топқа күту тапсырылды. Екінші топ сергек болуға шақырылды. Ал Иса Әкесінің еркін орындауға дайын екенін көрсетті. Қымбатты досым, осы оқиғаға қарап, өзімізге сұрақ қояйық: біз қай ұстанымнан өзімізді көреміз? Күту қажет болғанда, сабырмен күте аламыз ба? Сергек болып, мінажат етуге шақырылғанда, соған көңіл бөлеміз бе? Ал Құдайдың еркін орындау бізден бір нәрседен бас тартуды, жайлы орнымыздан тұруды немесе қиын қадам жасауды талап етсе, мойынсұнуға дайынбыз ба? Мен Құдайдан Исаға көбірек ұқсауға көмектесуін сұраймын. Иса сияқты, мен де Құдайдың еркін орындауға күш сұрап мінажат еткім келеді. Сіздің де жүрегіңізде осындай тілек бар деп сенемін.